

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожасметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәлиқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozdoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_32_4_26-43

ҒТАХР 03.20.00

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУҚАТТЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫН
ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ****Қ.Қ. Байсарина^{1*} , Б. Токешкадиров¹ , А.Б. Бақытжанова² **¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. Қазақстан, Семей;²Ә. Бөкейхан атындағы университеті. Қазақстан, Семей.

Автор-корреспондент

E-mail: bkksemey@mail.ru (Байсарина)

Андатпа. Қазақстанда ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу және жеке меншігінен айыру науқанының іске асырылуы және оның тарихи салдары тақырыбы, отандық тарих ғылымында белгілі дәрежеде зерттеліп келетін мәселелердің бірі. Алайда әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайында оған көлеңке түсіретін тарихи еңбектердің бәрі, тіптен ол объективті ақиқат болса да, жарыққа шықпауы, ғылыми тұрғыдан зерттелмеуі тиіс болды. Мақалада дәстүрлі қазақ қауымының тірегі – қазақ байларының тарихи тағдыры, тәркіленген ауқатты шаруалар жанұяларын жер аудару және олардың қилы тағдыры сипатталған. Алайда коммунистік идеология жағдайында жұмыс істеген тарихшыларды осы кезеңді бірыңғай авторитарлық жүйені ақтайтын тарихи жұмыстарды ғана жазуға мәжбүр етті.

Зерттеу жұмысының мақсаты – бұрын толық айналымға түспеген тарихи деректерге сүйеніп, тоталитарлық жүйенің қалыптасу кезінде қазақ шаруаларының көрген қасіреттерін объективті зерттеу.

Зерттеуде Қазақстандағы күштеп ұжымдастырудағы биліктің негізгі ролі көрсетілген, және де осы мәселеге қатысты жаңа шешімдердің қарапайым қара шаруалар табына әсері баяндалып өтеді. Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі тарихи жағдайдың күрделілігіне және әртүрлілігі мен қарама-қайшылықтарына қарамастан жан-жақты ұстанған шынайылық принципі болып табылады.

Түйін сөздер: Ұжымдастыру, әкімшілік-территориялық жүйе, реформа, колхоз, тәркілеу, индустрияландыру, отырықшыландыру, бюрократия, революция, партия, көшпелі мал шаруашылығы.

**КОНФИСКАЦИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ
В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ****Қ.Қ. Байсарина^{1*}, Б. Токешкадиров¹, А.Б. Бақытжанова²**¹Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, Семей;²Университет имени А. Букейхана. Казахстан, Семей.

Корреспондирующий автор

E-mail: bkksemey@mail.ru (Байсарина)

Аннотация. Проблема лишения собственности и насильственной коллективизации казахских земель не является новой, ранее не исследованной темой в истории Казахстана. Однако в условиях авторитарной тоталитарной системы все исторические труды, которые бросали на нее тень, даже если это был объективный факт, должны были публиковаться, а не изучаться с научной точки зрения. Целью исследования является изучение исторических реалий трагедии казахского

народа при формировании тоталитарной системы, основанной на исторических данных, связанных с Казахстаном, которые ранее не были полностью распространены.

В исследовании подчеркивается ключевая роль властей в принудительной коллективизации на территории Казахстана, а также влияние новых решений по этому вопросу на класс простых крестьян. Теоретической и методологической основой исследования является принцип объективности, которого придерживаются универсально, независимо от сложности и разнообразия и противоречий исторической ситуации.

Ключевые слова: коллективизация, административно-территориальная система, реформа, колхозы, конфискация, индустриализация, поселение, бюрократия, революция, партия, кочевое животноводство.

FARM CONFISCATION IN EASTERN KAZAKHSTAN AND ITS HISTORICAL CONSEQUENCES

K. Baysarina^{1*}, B. Tokeshkadyrov¹, A. Bakytzhanova²

¹Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey;

²A. Bokeikhan University, Kazakhstan, Semey.

Corresponding author

E-mail: bkksemey@mail.ru (Baysarina)

Abstract. The issue of deprivation of property and forced collectivization of Kazakh lands is not a new, previously unexplored topic in the history of Kazakhstan. However, under the conditions of an authoritarian totalitarian system, all historical works that cast a shadow over it, even if it was an objective fact, should have been published, not studied from a scientific point of view. The aim of the study is to study the historical realities of the tragedy of the Kazakh people in the formation of a totalitarian system based on historical data related to Kazakhstan, which were not previously fully disseminated.

The study emphasizes the key role of the authorities in forced collectivization in Kazakhstan, as well as the impact of new decisions on this issue on the class of ordinary blacks. The theoretical and methodological basis of the study is the principle of objectivity, which is universally adhered to, regardless of the complexity and diversity and contradictions of the historical situation.

Key words: collectivization, administrative-territorial system, reform, collective farms, confiscation, industrialization, settlement, bureaucracy, revolution, party, nomadic animal husbandry.

Қысқашы. Халқымыздың тарихында, оның тағдырына тікелей әсері болған зұламат оқиғалар аз емес. Солардың бірі – 1928 жылғы 27 тамыздағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу жер аудару» декретінің салған ауыр зардабы. Бүгінгі таңда республикада қуғын-сүргінге ұшырағандарда ақтау жөнінде арнаулы комиссия зерттеу жұмысын жүргізуде. Сондықтан отандық тарихымыздың әлі де ашылмаған «ақтандақтарын» зерттеуге деген құштарлық зиялы қауымға рухани қозғау салды. «Ақтандақтарды» көп тарихи тақырыптардың бірі біз зерттеп отырған мәселе. Сондықтан, осыған байланысты жаңаша ой түйіп, ғылыми тұжырымдар жасау тарихшылардың міндеті болып отыр. Қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ халқының тағдырын қайта қарап ақтауға байланысты аталған тақырып өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Бүгінгі тарихымыз Қазақстан республикасының тәуелсіздігін идеялық жағынан негіздеуші болып, Қазақстан азаматтары санасына оның бөлінбес, біртұтастығы туралы идеяны енгізуге жұмыс істеуі тиіс. Мұндайда қазақ жерінің байырғы тұрғындары қазақтар болғанын, тоталитарлық жүйенің күштеу және мәңгірттендіру әдістерінің бұл халықты өз жерінде жаппай қырғынға ұшыратуға, сөйтіп үлес салмағы жағынан ежелгі ата қонысында азшылыққа айналуына алып келгені анық. Осындай тарихта орын алған қасіреттеріміздің себеп-салдарын нақты айқындағанда ғана және олардан тиісті сабақ алып, қажетті қорытындылар жасағанда ғана Қазақстан азаматтарын отаншыл етіп тәрбиелеуге қол жеткіземіз. Сондықтан XX ғасырдың 20–30-шы жылдардағы қазақ ауқатты

шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру процесінің күрделі тарихы жаңа зерттеулерді қажет етеді.

Тарихи шындық осылай бола тұрса да зерттеуші ғалымдар көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының осы жылдардағы қасіретін арнайы зерттеу жүргізе алмады. Қазақстанның тәуелсіздік алуы ғана бұл тақырыпты терең зерттеуге жол ашты.

Мәселенің маңыздылығы оған шетелдік әріптестеріміздің көптеп және баса назар аударуларынан да көрінеді. Өйткені көшпенділерді отырықшыландыру дегеніміздің өзі жалпы адамзаттық процесс, яғни тек Қазақстан тарихының ғана емес, дүниежүзілік тарихтың да елеулі зерттеу тақырыбы болып табылады. Оның үстіне Қазақстанда шаруаларды ұжымдастырудың күшпен жүргізілуінің аса ауыр салдарлары өзімізге де, басқаларға да сабақ бола алады. Яғни бұл тақырыпты терең зерттеу тәуелсіз елімізде өткеннің қателіктері енді қайталанбауы үшін де қажет.

Еліміздің шығыс өңірінде жүргізілген ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу және оның тарихи салдарлары, аймақтың шаруашылық ерекшеліктері, халықтардың орналасуы, тұрмыстық және әлеуметтік құрылымдарына қатысты мәліметтер арқылы қарастырылады.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмысының методологиясы объективтік, тарихилық, салыстырмалы талдау мен жинақтау қағидалары және «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына» сәйкес отандық тарих ғылымында тәуелсіздікті дамыту идеясы алынды. Тарихи құжаттар, деректер салыстырмалы әдіспен сараптаудан өткізіліп, XX-шы ғасырдың 20-30 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы статистикалық деректерді, заң құжаттарын, естеліктерді талдау арқылы анықтауға талпыныс жасалды. Сонымен қатар кейінгі кезде қалыптасып келе жатқан тың бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 135 қоры – ҚазАКСР Орталық атқару комитетінің жанындағы бай-жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару бойынша орталық комиссияның құжаттары ерекше назар аударылды. Аталған қордан Шығыс Қазақстанның тәркіленген және жер аударылған бай, кулактар мен шаруалардың шағымдары, анкеталық мәліметтері, отбасы мүшелері, тәркіленген малдарының саны мен мүліктерінің түрлері көрсетілген комиссияның шешімдері туралы құжаттар алынды. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттар орталығының № 74 және № 3 қорларынан алынған деректер ғылыми айналымға енгізілді.

Күшпен ұжымдастыру кезеңіндегі құпия құжаттар жариялылық және тәуелсіздік рухымен арнайы жинақтарда басылып шықты (Димаштейн, 1989: 525). Оларды тарихи-салыстырмалы түрде талдау тарихшылар пікірлеріне қатысты дұрыс қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Кеңес дәуіріндегі аграрлық салаға қатысты еңбектерінде Қазақстан мен ОртаАзия республикаларындағы ұжымдастыру, кеңестік аграрлық өзгерістердің іске асырылуы жан-жақты талданған. Олардың еңбектерінде негізгі концептуальдық тұжырым ретінде лениндік ұлт саясатының коммунистік партияның басшылығымен осы өңірде іске асуы басшылыққа алынды. Осы тұжырым аясында отырықшыландыру және ұжымдастыру үрдістері баяндалған ол еңбектерде деректік негіздегі материалдар өте бай. Бұл зерттеушілер сол кездегі ұжымдастыру барысында орын алған қиындықтарға да, халық наразылығына да назар аударған. Алайда, олар сол кездегі саясат бағытында ондай наразылықтарды (ол көп жерлерде көтерілістерге ұласқанды) бандиттік немесе басмашылық бас көтеру деп сипаттауға мәжбүр болған. Жалпы бұл зерттеушілер еңбектері сол кездегі ресми саясат тұрғысынан тарихи ақиқат қалай жазылғанына куә болуымен қатар, өзінің деректік негізі жағынан құндылығын жоғалтпайды.

Осы тұрғыдан тақырыпқа тікелей қатысы бар Г.Ф. Дахшлейгер мен К. Нұрпеисовтің «История крестьянства Советского Казахстана» еңбектерін де айтуға болады (Дахшлейгер, Нурпеисов, 1985: 247). Г.Ф. Дахшлейгер Қазақстандағы ауыл мен деревнядағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар туралы пайымдамалар жасады. Олар қазіргі ғылым үшін маңызын жоғалтқан жоқ. Көрнекті ғалымның «Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.)» атты іргелі зерттеуінде және басқа да еңбектерінде жаңа экономикалық саясат тұсында Қазақстанның облыстарындағы жер мәселесі және аграрлық реформалар барысы баяндалған.

XX ғ. 20–30-шы жж. бай, кулактарды, жартылай феодал, орта шаруалар мен крестьян шаруаларды тәркілеу және отырықшылыққа көшіру отандық тарих ғылымында едәуір зерттелді. Кезінде белгілі саясаткер және зерттеуші Т. Седельников патша өкіметінің отарлау саясатын сынап отырып, қазақтардың жерін тартып алу науқанын құптамады. Алайда автор қазақ даласындағы жер үшін күресті таптық позиция тұрғысынан емес, көшпелі және отырықшы феодалдар арасындағы күрес ретінде қарастырды (Седельников, 1918: 175–222). Ол осы кезде орын алған тарихи жағдайды көрсетуге тырысқан. Қазақ жерінде орын алған шаруа қожалықтарын тәркілеу саясатына талдау жасай отырып, зерттеуші қазақтарға пайдалануға берілген жердің азаюы салдарынан олардың бірте-бірте отырықшы-егінші шаруашылыққа өте бастағанын ашық жазады. Ол Қазақстандағы аграрлық жағдай жөнінде дәйекті пікір айтуға талпынған. Бұған жеті жыл бойы Қазақстандағы аграрлық мәселемен жан-жақты таныс болуы мүмкіндік берді. Ол өз еңбегінде А. Кауфманның тұжырымдарын өткір сынға алды. «...құқықтық жағынан біз екі тұлғаның жалпы иеленуінің кәдімгі түріне тап болып отырмыз: бірінші тұлға – бұл тұтастай орыс қол астына қарайтын қазақ халқы, екінші тұлға – мемлекет», – деп жазды (Седельников, 1918: 17). Автор ресми түрде қазақ халқының атынан сөйлеп, Қазақстанда жер қатынасын қалпына келтіруді талап етті.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін жазылған зерттеу жұмыстарының орны ерекше. Бұл еңбектердің құндылығы сонда, оларда Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихына мұрағат қойнауларында ондаған жылдар бойы құпия сақталып, ғылыми айналымға түспеген құжаттар негізінде шынайы баға берілген еңбектер жарыққа шыға бастады. Талас Омарбеков еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі өмір сүру шаруашылығының қалай қарастырылып, кеңестік аграрлық реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру зардаптары қарастырылған (Ақиқат, 1993: 59).

Елімізде жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптарын мен ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеудің салдарларын тарихшы-ғалым Талас Омарбековтың «Зобалан», «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері», «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» зерттеулерінде сталиндік-кеңестік кезеңнің қайшылықты тұстарының көлеңкелі, бірақ тарихымызда ұзақ жылдар «жабық» болып келген мәселелері жаңа, егемен елдің тарихы тұрғысынан мұрағат қорларынан алынған құжаттар негізінде қарастырады. Зерттеуші Қазақстандағы жаппай кеңестендіру саясатын, сауатсыздықты жою, қазақтандыру науқанын, мәдени құрылыс тарихын тың деректер арқылы ашуда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің қызметіне тоқталып өткен. Кеңестендіру саясатының салдарларын көрсете келе, автор жаңадан бой көтеріп келе жатқан тоталитарлық қоғамға халық бұқарасына жанашыр, қамқоршы болатын ұйымдардан гөрі, осы халықты үрей психологиясы ауқымынан шығармай, белгілі бір саяси шеңбер ішінде әрекет жасайтын, адамдарды ресми саясатқа қарсы келмей, керісінше, оны қолдаумен қанағаттанатын рухта тәрбиелейтін мемлекеттік органдардың қажет болғандығын баса көрсеткен. Сондай ұйымдардың қатарында билік партиясының органы ВК(б)П Өлкелік комитетімен қатар Қазақстан Орталық Атқару Комитеті де бар еді. Сондай-ақ ғалым XX ғасырдың 20–30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген «Кіші Қазан», байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына мұрағат құжаттары мен материалдары негізінде талдау жасап, шынайы ғылыми тұжырымдар түйіндеген. Еліміздің өңірлерінде орын алаған ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу саясатының зардаптары мен ашаршылық жылдарындағы аймақтағы қазақ ауылдарының тағдыры жан-жақты сипатталады.

Сонымен қатар Ж. Әбілхожиннің «Традиционная структура Казахстана» деген монографиясында қазақтың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-тіршілігі, оның шаруашылығы туралы теориялық пайымдаулары, оны бір мезгілде күштеп қаратудың трагедиялық сипаты аясында қарастырылған. Онда отырықшыландыру саясатына да талдау жасалған. Аталған мәселеге қатысты еңбектерде елімізде жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптары талдана отырып, ауқатты шаруаларды тәркілеудің салдарларын жан-жақты сипатталады.

Кеңестік аграрлық саясат туралы ақиқат тұрғысынан жазылған зерттеулер XX ғасырдың 90-жылдарынан бастау алып, нәтижесінде арнайы зерттеулер мен монографиялар жарыққа шықты. Қазақстандағы 1920–1930 жж. әлеуметтік-демографиялық үрдістер жан-жақты зерттеле бастады. М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақтарға» байланысты еңбектері және оның

ұжымдастыру мен XX ғ. 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін туралы зерттеулері бұл мәселені саралауға көп септігін тигізді. Сонымен қатар зерттеушілер Қ. Алдажұманов, Ж. Әбілхожин бірігіп жазған мақаласы «Вопросы истории» журналы арқылы Москвада жарияланып, 30-жылдардағы алапат аштық пен босқындық зобалаңын әлемге алғаш рет әйгіледі. Қазақстанда жүргізілген 1930–1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру науқанының қасіреті мен шаруа қожалықтарын тәркілеудің тарихи салдарларын мұрағат құжаттарының негізінде талданады (Қозыбаев, Алдажұманов, Әбілхожин, 1992: 30).

Адамзат тарихындағы 1930–1933 жылдардағы ашаршылық зардаптары, халқымыздың басынан өткен қиын тағдыры мен қасіретті болған «ұлы жұт», нәубет жылдары болып саналады. Сонымен қатар, 1932–1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың ауыр қасіретін – жалпы одақтық басқа республикаларда орын алаған жағдайлармен салыстыруға болмайтыны да анық еді. Елімізде орын алаған нәубет жылдарының басты себептерінің бірі: кулақтықты тап ретінде қарау, асығыс және асыра сілтеулердің салдарлары, ірі және орта шаруашылықтардағы малдарды тәркілеуден туындаған бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақстанның барлық аймақтарындағы сияқты Шығыс Қазақстан өңірінің барлық аудандарында орын алды. Қазақ ауылдарындағы шаруа қожалықтарын тәркілеу салдары орны толмас үлкен қасірет ашаршылыққа әкеп соқты.

Бұдан кейінгі жылдары жарық көрген зерттеулерде қазақ ауылдарындағы шаруа қожалықтарының шаруашылық эволюциясы мен әлеуметтік құрылысы, ұжымдастыру барысы сипатталады. Зерттеуші Ғ.Х. Халидуллиннің көлемді монографиялық еңбегінде «Аграрная политика советской власти в Казахстане (1917–1940 гг.)» атты еңбегінді кеңес мемлекетінің аграрлық саясатына, оның ішінде қазақ шаруаларына тікелей қатысты оқиғалар тың деректер негізінде баяндалған (Халидуллин, 2001: 213). Автор қазақ шаруаларының кеңес өкіметі жылдарындағы саяси-әлеуметтік жағдайын, аграрлық реформалар барысын зерттей отырып, негізгі назарды ұжымдастыру қарсаңындағы шаралар мен ұжымдастыру және оған шаруалардың қарсылық қозғалысына аударған. Монографияда көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшыландыруаграрлық реформаларды іске асыру аясында қарастырылған. О.Х. Мұхатова еңбектерінде аграрлық тарихнамаға шынайы талдау жасалынған. Қазақ ауылын ұжымдастырумен қатар отырықшылыққа көшіру барысы, бұл тұрғыдағы мемлекет саясаты тың деректер негізінде ашылған (Мұхатова, 1999: 287). Жалпы қазіргі тарихнама отырықшыландыру мәселесін әлі де зерттеу қажет екенін көрсетеді. Қазақ халқының басынан өткен қуғын-сүргінге баға беру, тарихи заңдылық пен шындықтың ара жігін айырудың оңай мәселе емесі анық.

Шетелдік тарихнамада да зерттеліп отырған мәселе бойынша жарияланымдар бар. Ресейлік тарихнамада бұл мәселе В.П. Данилов еңбектерінде және басқа да зерттеулерде жол-жөнекей аталып өтеді. Американдық ғалым, саясаткер М. Олкоттың 90-жылдардың бас кезінде шыққан «Қазақтар» деген кітабында да бұл мәселе жалпылама түрде, негізінен кеңес тарихшыларының еңбектеріндегі деректер негізінде баяндалған. Автор бұл мәселеде ешқандай жаңалық айтпайды және деректері тексерілмеген, көбінесе антикеңестік саясат жетегінен шықпаған.

Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру салдарлары мен ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу саясатын саяси тұрғыданда, академиялық зерттеу тұрғысында толық ғылыми бағасын алмаған мәселелердің бірі болып саналады. Бүгінгі күнде отандық тарих ғылымында кеңес үкіметі кезінде жүргізілген күштеп ұжымдастырудың зардаптары мен ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу саясатын мұрағат құжаттары негізінде талдау жасалынып, шынайы бағасы берілуде. Қазақстанның барлық өңірлерінде орын алған ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу саясатының салдарлары, сонымен қатар қазақ даласын түгел қамтыған алапат ашаршылық әліде зерттелуі керек, оның теориялық, методологиялық, саяси-идеологиялық астары ашыла беруі тиіс. Халықтың басына түскен ұлттық апаттың себеп салдары және оның ащы шындығына жан-жақты тұжырым жасау, оған тиісті тарихи, саяси баға беру сол елдің бірлігін, тұтастығын нығайта түседі.

Зерттеу нәтижесі. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңызы. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру тарихы отандық тарихнамасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Зерттеуде Қазақстандағы күштеп ұжымдастырудағы шаруа қожалықтарының басынан өткен қуғын-сүргіннің ащы шындығы көрсетілген. Халқымыздың тарихына көз салып,

зерделеп ой жіберсек көз жасын көрсететін зұламат оқиғалар аз емес. Солардың бірі – 1928 жылғы 27 тамыздағы бай, кулактар мен орта шаруаларды кәмпескелеу және оларды жер аудару декреттің салған ауыр зардабын тарихи деректер арқылы зерделенді.

Қазақ ауылдарындағы байлардың ықпалын әлсірету үшін жүргізілген егістік және шабындық жерлерді бөлу науқаны ғасырлар бойы қалыптасқан рулық – қауымдық қағидаларға соққы бере алмады. Себебі, бұл әлеуметтік топ саны жағынан азшылықты құраса да ауылдағы қоғамдық өмірдегі саяси ықпалы күшті еді. Малға иелік етудегі теңсіздік, кедейді қанауға әкеледі деп есептелінді. Байларды, жартылай феодалдарды мұндай мүмкіндіктен айыру үшін олардың малдарын тартып алу керек болды. Тарихи дерекке жүгінсек, қазақ өлкелік партия комитеті мен халық комалиссарлар кеңесі байларды батпаққа батырып, кедейді оларға қарсы айдап салудың келеңсіз саясатына 1919 жылдан бастап кірісіп, саналы түрде 1936 жылға дейін созды.

Азамат соғысынан кейін кешікпей – ақ ашаршылыққа ұрынған қазақ ауылында 1922–1923 жылдары қырық тұяқтан асатын малы бар ауқатты қожалықтар барлық малдың 1,5%, ие болса, 1926–1927 жылдары осыдай қожалықтар Қазақстандағы барлық малдың 14,5% иелік етті.

Сондай қазақтар «доңыз» деп есепке қоспайтын шошқаны шығарып, тастағанда, 1928 жылы, яғни қазақ байларын тәркілеу қарсаңында Қазақстанда 16,632,7 мыңдай ірі қара болған. Жоғарыдағы мәлімет бойынша мұның 14,8%, яғни 2461,1 мыңы қырық тұяқтан артық малы бар қазақ мал ауқаттылар қолында шоғырланды да, қалған 14 миллионнан асатын мал әлді шаруаның, кедейдің, қара шаруаның меншігіне жатты.

Қазақта ірі байлардың көп болмағанын 1928 жылғы жүргізілген конфискация нәтижелері де дәлелдейді. Осыған орай, 1928 жылы 27 тамызда «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу жер аудару» туралы декрет қабылданады. Бұл қаулының орындалуы 1928 жылдың 1 қарашасына дейін деп белгіленіп, кейін он күнге шегерілді. Ресми мәліметтер бойынша кәмпескелеудің барлығы 696 қожалықты қамтығаны белгілі. Оның ішінде алғашқы топқа, яғни ірі байлар, ал екінші топқа шаруа қожалық жатқызылды. Дегенмен алғашқы топтағыларда түгелдей ірі байлар емес еді. Тәркілеуге ұшырағандарды әлеуметтік жағынан нақты жіктеп көрсетсек, ол төмендегідей еді: а) болыс басқарушылар, хандар және т.б.; ә) атқамінерлер, ақсақалдар, билер; б) молдалар, ишандар және т.б. Қазақ байлары деген атаумен малдан басқа дүние – мүліктерінде тартып алынды, атап айтқанда киіз үйі және үй ішіндегі күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттарға дейін тәркіленді.

Европа немесе Ресей тәрізді елдердегі XX ғасырдың алғашқы кезеңдеріндегі ауқатты, бай шаруалармен салыстырғанда қазақ байларының тұрмысы әлде қайда нашар болды. Ал ең басты байлық малдың саны болса, ол жоғарыдағыдай.

Қазақ байлары малды кедейден күшпен тартып алған жоқ. Мал атадан балаға мұра болып қалған байлық еді. Қазақтың ауқатты адамдарын бір жақты бейнелеу әділеттілік емес, және тарихи шындықты бере алмайды деп ойлаймыз. Сонымен қатар, қазақ қоғамының рулық туыстық принциптерге негізделуі және қазақ байларының жерді меншіктенбеуі, олардың ерекше байлық көрінісі – негізінен киіз үйлерде тұрып, өзінің кедей туысы тәрізді көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс кешуі қазақ қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік таптар мен топтардың өзара ашықтан – ашық жауласуына жол бермеді. Кезінде мұны байқаған және осыған байланысты өз пікірлерін айтқан ғалымдар және саяси қайраткерлер болды. Мысалы, профессор Кушнер қазақ ауылынан тап күресін іздегендерге қарсы былай деп жазды: «Мен тап күресін жән әлеуметтік таптарды босқа іздеппін, нақты тап түсінігіне сәйкестікті іздедім, бірақ, таппадым».

Кезінде қазақ қоғамын жақсы білген алаш интеллигенциясының да осындай көзқараста болғаны белгілі. Бірақ, Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтарда бай мен кедейдің араында таптық қайшылық жоқ: оларда рулық мүдде мен жалпықазақтық мүдде таптық мүддеден басым түсіп жатады», - дегендей пікірлері кейіннен большевиктер тарапынан «реакциялық теория» ретінде өткір сынға алды.

Қазақ жерінде феодалдық қоғам болғанмен, жиырмасыншы жылдары қазақ даласында толыққанды, дәстүрлі үлгідегі феодалдық табы болған жоқ. Алайда кеңестік басқару жүйесінде отырған адамдар 1928 жылы тәркіленген қазақ байларын: «Крупный бай – полуфеодал» - деп

сипаттады. Яғни толық феодал емес, жартылай ғана феодалға қарсы күрес жүргізді, жартылай феодалдар мен орта шаруалардың өзі сан жаағынан алсақ өте аз еді.

Көшпелі шаруашылықты жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолын меңгерген қазақ қоғамының бір тобы – байлардың көзін жоймайынша қазақтарды дамудың басқа жолына түсіру мүмкін емес деп Голощекин қазақ өлкелік партия комитетінің қазақтың VI конференциясында жартылай феодалдарды түп тамырымен құрту, байға күшті қысым жасау негізінде ауылды орташаландыру және қазақ батырағына, кедейіне және орташасына ерекше көмек беру мәселесін партия бұқарасы алдына негізгі міндет етіп қойды.

Аталған міндеттерді жүзеге асыруға қажетті алғы шарттар Ф. Голощекин Қазақстанға келгеннен кейінгі алғашқы жылдарда – ақ жасалған еді. Бұлардың негізгілері мыналар болатын:

– ауыл кедейлерінің, батырақтарының және әл – ауқаты төмен орташалардың байларға қарсы экономикалық және саяси күрес жүргізуі үшін ұйымдастырылған Қосшы Одағы ұйымы қайта құрылып, арнайы тазартудан өткен-ді. Оның құрамына ек мыңға жуық бай, атқамінер шығарылды.

– 1926 жылы басталған шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу 1927 жылы кең көлемде жүргізіліп, байлардан көп жер, мысалы, бұрынғы Семей губерниясында – 17154 десятина бұрынғы Орал губерниясында 84605 десятина, ал бұрынғы Жетісу губерниясында – 31961 десятина, Қостанай округінде – 17365 десятина шабындық, егістік алқаптары тартып алынып, кедейлерге берілді. Бірақ көп жағдайда рулық қауымда баймен өзара сыйластықта болған кедей, ата салтын сақтап, өз жер үлестерін меншіктеніп кеткен жоқ. Оның үстіне ол жерді игеруге қазақ шаруасының отрықшылық дағдысы, құрал – саймандарды да жетісе бермеді. Ал енді мұндай жайылымда жаятындай мал саныда кедейдің қолында болмадыда. Сондықтан бөлінген жер негізінен бұрынғыдай ауқатты шаруалардың малы жайылатын рулық жайылым болып қала берді.

Қазақстанда бай, кулак және жартылай феодалдарды тәркілеу туралы декреттің өзі 1928 жылы тамыздың 27-сінде қабылданды. Онымен бірге Қазақ өлкелік комитеті «Барлық еңбекшілерге» деген үндеу де қабылдады. Декрет те, үндеу де 5 қыргүйекте баспа сөзде жарияланды. Бұлар қазақ байларын тәркілеудің 20 қыргүйекте басталып, 1 қарашада аяқталатынын ескертті. Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шыққанда төрт жүз бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүзден бастап жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғары қарай болды. Бірақ осы соңғы аудандарда жүз тұяғы барларды ірі бай қатарына жатқызып тәркілеуге құқықты болды. Ел ішінде тәркілеудің мән – маңызын түсіне алмаған еңбекші халық қарауындағы малдарын сатып, халықтық шаруашылықтың дамуына қауіп төндіреді. Бұл келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін Қазақ ОАК тек мыңдаған малдары бар бай қожалықтар тәркіленуге түсетінін ескертіп, хабарлап отырған (ШҚОЗТҚО, 74: 3). Декрет, әсіресе, көшпелі аудандардағы қожалықтарға шектен тыс қатал болды және қазақ елінің алғашқы көшпелі аудандағылардың малы көрсетілген саннан аз болған күннің өзінде бұл адамдарды – егер ауылда ықпалды болса, кеңестендіруге қарсылар ретінде жер аудару құқығы болуы.

1928 жылғы 27 тамыздағы үкімді іске асыру барысында жер – жерлерге үкімді орындаушы бірнеше мыңдаған адамдар жөнелтілді. Әрбір ауылда он – он бес шақты батырақтар мен кедейлерді жұмылдырған комиссиялар құрылады. ОГПУ өкілдері шектеусіз құқыққа ие болды. Бұл мекеменің басшылары қазақ байларының заңсыз Қытайға өтіп кетуінен қауіптеніп, шекарада қатал бақылау жүргізуді іске асырады. Сондықтан, арнайы бағдарламада Бахты, Зайсан, Жаркент жерлерінде шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жедел топ жіберілетіні айтылған.

Голощекин тұсындағы асыра сілтеушілік пен геноцидтік саясатқа қазақ қоғамына әрі өндіріс иесі, әрі басқарушы қызметін атқарған байлардың тағдыры душар болды. Әрине бұл асыра сілтеушілік саясаттың қате екендігі сол кездерде-ақ мойындалып еді. Байлар, кулактар және орташа шаруаларды еңбекші халықтың жауы деп біліп, тап ретінде жою мақсат етілді. ВКП (б) – Орталық Комитетінің Қазақ Өлкелік комитеті баяндамасы (3 мамыр, 1928) бойынша қабылданған қаулыда 1928 ж. мынадай жолдар бар: «Өлкелік комитет бірқатар саяси және шаруашылық мәселелерін дер кезінде және саяси ықпалына қарсы күрес жөніндегі шараларды атап айту жөн», - делінген. Аталған құжаттағы шаралардың жемісі жайлы Қазақстан компартиясы тарихи очерктерінде» де жазылған 1928 ж. күзінде Қазақстан партия ұйымы, - делінген онда, тағы бір маңызды әлеуметтік –

экономикалық шараны – ірі бай, жартылай феодалдық кеңес өкіметінің қас жауының мал – мүлкін кәмпескелеуді ойдағыдай жүзеге асырды. Орта шаруа қазақ ауылындағы басты тұлғаға айналды» (Қозыбаев, 1992: 54-55). Бірақ, шындығында сол орта шаруа да бұрмалаушылардың құрығына ілініп кете берген. Бұны ВЦИК-тің Қазақ ССР Орталық атқару комитетінің баяндамасы бойынша қабылданған қаулысында-ақ мойындауға тура келген (30 ақпан, 1929 ж.): «байлар мен кулактарға қарсы бағытталған шаралардың ұшығы кейде орташаларға да, тіпті жекелеген Мұхтар Әуезұлының 1932 ж. 10 июльдегі «Социалистік Қазақстан» газетіне басылған хатында: «Байлар мен ру басыларын кәмпескелеудің қажеттілігін іштей қабылдамадым; колхоз, совхоз құрылысының тұсында істеген берік ұлы шаруашылықтарына да басында сенімсіздікпен қарсы болдым», - дейді ол. 1926 жылы бай деп санап, оның 10-15 малының тұяғына қарап, жан бағып отырған орта шаруаларды тәркілеу басталды. Малынан айырылған қазақ шаруалары анық тақыр кедейге айналып, мекенінен ауып, қандай кәсіппен айналысарын білмей тоз-тозы шығып, босқынға ұшырады. Тікелей тәркілеу науқаны кезінде 1 млн. орта шаруа зардап шегіп, кедейдің ең төменгі сатысына түсті, анық ашаршылыққа бет алды. Торғай, Ақмола, Семей облыстарының кедейлері үлкен өзеннің бойында отырған жұрттардың жанына ығысып, көше бастады. Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру тұсындағы «бай – кулактан тазалау» процесіне жергілікті әкімдер «кеңес өкіметіне қарсы қастандық пен колхоз құрылысына зиянкестік жасау» деген ұранмен белсенді қатынасты.

1930 ж. толық емес деректер бойынша Қазақстанда кулак және бай шаруашылықтарын тәркілеуден 5489.1 мың сомның өндіріс жабдықтарын колхоздар алған. Ақмола, Петропавл, Семей округтарында тәркілеу мен штрафтан 24 млн. сом түскен, 331 мың пұт астық алынған, 534 мың малды конфискулеген екен. 1930 ж. аяғында республикада 3123 кулак – бай шаруашылығының 2315-і колхозға берілген екен (Қазақ әдебиеті, 1990: 10).

1927 ж. күзінде астық бағасы төмендеп кетті, бүкіл елде астық дайындаудан құлдыраушылық басталды. XV съезден оралған Голощекин: «Болшевизмнің бүкіл тарихи бір жеңістен екінші жеңіске өту, сонымен бірге бұл жол бір қиындықтан екінші қиындыққа өтудің бейнесі болып табылады, ал кулакка шабуыл беру – бұл ірі коллективті шаруашылықтың курсына және кедей мен орташаның коллективтенуіне өту жолы деп есептелді. Сталин 107 статьяның кулактарды реттеу «үшін прокурор және сот өкіметтерінде кеңінен қолданылуына мүмкіндік беруге мүдделі болды. Сібірден оралған ол «БК(б) П-ның барлық ұйымдарына» деген деректің қол қойды, онда заң бойынша алып сатарлар мен кулактардан алынған астық артықтарының 25% әл ауқаты нашарларға, тұқымға, әлде тұтынушылық қажеттігі болған жағдайда кредитке беру туралы айтады. 1928 ж. егін дұрыс шықпады, бұл жыл коллективтендірудің алғашқы іске асқан жылы болатын, партия органдарының ішінде ұжымдастыруды жүргізіп аяқтаудан жарыс өткізілді. Голощекин Қазақстанды Россиямен салыстырып, тез уақыттарда Россиядан қалмай ұжымдастыруды бітіру мақсатымен жанталасты. Бай кулактарға әкімшілік тұрғыдан шара қолдану тиімділік әкелмеді. 34121 соттанған бай-кулактан 631 мың пұт астық пен 53400 мал басы тартып алынды. Бұл астық дайындаудағы 3.5% құраған. Сонымен бірге БК (б)П-ның Қазақ өлкелік комитетінің 1929 ж. көктемдегі рапорты бойынша: астық –84.3%, ет дайындау ірі мал бойынша – 1.5 есе, ал қоймен үш есе ұлғайтылған.

Бұл жерде астық беруде ең негізгі ауыртпалық орташа мен кедейдің мойнына түскені анық. Сонымен бірге тартып алынған ең соңғы дәнге дейін үкіметке аударылатын. Ешқашан егін екпеген қазақтардың көшпелі шаруашылықтарына міндетті түрде астық беру міндеті салынған. Олар өз малдарын сатып, астық алып оны мемлекетке өткізуге мәжбүр болды. Мұның бәрі әрине таптық, тап ішіндегі соғыстың жандануына жол ашу екені түсінікті, бұл жағдай Голощекин Қазақстанға алғашқы келген күннен-ақ байқалып отырған болатын.

1929 жылы О Исаев барлық бай-кулак, ауқатты шаруашылықтардың өздерінің артық астықтарын 1929 ж. 1 қарашасынан қалдырмай тапсыруы туралы жарлыққа қол қояды. Ал, орындамағанға тапсыруға қажетті астықтың 5 есе құнын төлеу штрафын салумен немесе 61 статия бойынша іс, қылмысты іс қозғау бұйырылды.

Голощекин «Егін мен коллективтендіру» атты 1926 ж. 14 қазанындағы газет мақаласында «колхоздастыру Қазақстанда тез қарқынмен дамуда, егер 1928 ж. колхоз саны 2315 болса, 1929 ж. – 4348 колхоз болған» - деп хабарлады. Өлкелік комитетінің бюролық қаулысында Голощекин

атағандай ірі колхоздар құру туралы айтады және 1929-1930 жылдары колхоздардың санын 140 мың шаруашылықтарға дейін ұлғайту және егіс алаңын екі есеге дейін ұлғайту туралы айтады. Ал, Сталин 1929 жылды «ұлы дағдарыс жылы деп атады, ал, нағыз дағдарыс күндері әлі алда болатын. Бүкіл бесжылдыққа белгіленген үлкен науқанды қазақ ауылының хал-ахуалын бұрын естіп білмеген. Филипп Исаевич бір-ақ жылда тындырмақшы болуы жанталаса орындауды қажет еді (Ақиқат, 1993: 59-60).

Бұл кезде республикада астық даярлау барысында қателіктер байқалған жағдайда «республика прокуроры» істерді өте қысқа мерзімді өткізуді қамтамасыз етуге міндетті болды. 1927 ж. 17-29 желтоқсанда Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы осы қаулыдағы мәселені тағыда талқылап, жергілікті партия органдарын міндеттейтін шешімдер қабылдап, партия ұйымдарына нұсқау хаттар жөнелтті. Дегенмен Мәскеуде басшылары мұндай нұсқаулар қанағаттандырмады. И.В. Сталиннің өзі қол қойған бұл үшінші нұсқау-телеграммада базардағы ауыл шаруашылығы бағасын бүлдіріп жатқан кулактарға және алып-сатарларға ерекше жазалау шараларының қажеттігін атап көрсетеді. Сондай – ақ жергілікті жерлердегі партия басшыларына да қысым жасап, егер 1 аптаның ішінде «астық даярлауда шешуші өзгеріске» қол жетпейтін болса «ОК партия ұйымының қазіргі басшыларын ауыстыру қажеттігін мәселе етіп қоятыны ескертіледі».

Аталған нұсқау хат астық даярлаудағы төтенше шаралардың басталуына нақты негіз жасады.

Өзінің шешімінде Қазақстанның Өлкелік партия комитетінің секретариаты жергілікті аппараттарды кінәлаумен ғана шектелмей, ет даярлау науқанынан қарқын шектеу есебінен астық даярлау қарқынын үдету қажеттігіне олардың назарын аударды. Осы мақсатпен «ірі астық өндіретін аудандарда астықтың неғұрлым көбірек түсуін» қамтамасыз ету үшін мал дайындаудағы бағаны орта есеппен 10% ары төмендетпеу қажеттігі айтылып, және сонымен бірге «бұл аудандарда мал даярлауды қыса түсу мүмкіндігін» бір күндік мерзім ішінде анықтау сауда хал-қамына тапсырылды.

Ұжымдастыру науқаны тұсында аз уақыттың ішінде шаруа қожалықтарын жойып, саны жағынан жоғары деңгейге көтерілді 3-5 пайыздан аспаудың орнына кейбір жерлерде 2-3 есе асып түсті. мындаған қоғам мүшелері «кулак» деп жер аударылып, «ит жеккенге» айдалды (Қозыбаев, 1992: 54). Қалған халықты сталиндік саясат колхоздарға біріктіріп, «жатақ» етті. Қала берсе ол колхоздан басқа жерге мүшелері кетпес үшін паспорт режимін енгізіп, көп айтып жүрген «казармалық» социализмді құрды 1928 ж. 27 қыргүйекте ҚАССР-і ОАК-ті «Байлардың шаруашылығын кәмпескелеу туралы» жарлықтан кейін, мал мен мүлік кәмпескелеп, жер аударуға 700-ден астам ірі байлардың есімдері аталды. Аталған жарлық бойынша көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бастан астам, жартылай көшпелі аудандарда – 300 бастан астам, отырықшы аудандарда 150 бастан астам малы барлар кәмпескелеуге жатқызылды. Көптеген аудандарда асыра сілтеніп, көптеген орта шаруалар да кәмпескеленді. Сонымен бірге жер аударуға, кәмпескелеуге дін иелері, бұрынғы хан – сұлтан тұқымдары, болыстар жатқызылды. Кәмпескеленетін аудандар үшке бөлінді: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы. Мәселен Семей облысында: Шыңғыстау, Аягөз, Тарбағатай, Мақаншы, Қызылтау, Бесқарағай, Марма, Қызылтас, Ұлан. Аталған аудандардан басқалары отырықшы аудандарға жатады. Ал, енді кімнің қайта жер аударылғандарын білу үшін төмендегі мәліметке қарайық:

Семей округінен Сырдария округіне. Қостанай округінен Семей округіне аударды. Семей округінен Сырдария округіне 22 бай /отбасында 130 адам/ көшірілгені туралы ақпарат ашылды, оның ішінде ек отбасы Семейде ұсталды /бұдан ары тағдыры белгісіз/, 1 отбасы 1926 жылдан бері хабарсыз кеткен. Алты отбасының кейбірі Тарбағатай, Жарма және Зайсан аудандарында тұрғылықты жерінде қалды (ШҚОЗТҚО, 74: 312-314).

Осы жылы Қазақстанда алғашқы ең бай – 700-ге тарта қожалықтың иесі үзілді-кесілді төтенше үгіттеуге ұшырып, өздері түрмеге қамалып, жер аударылып, тоз-тоз болды. Олардың жеке пікірін сұраған да, Кеңес өкіметіне көзқарасы мен ойларының қандай екенін анықтаған да ешкім болған жоқ.

Байлар мен кулактарды тап ретінде жою шараларын даярлау мәселесіне байланысты Өлкелік партия комитеті жанынан жасырын «үштік» құрылды. 1930 ж. 23 қаңтардағы «үштіктің» алғашқы жасырын мәжілісінде жаппай коллективтендіру болатын аудандарда кулактар шаруашылығы мен

байлар қожалықтарының иесін жер аударуды 2 бағытта жүргізу: 1) Қазақстанның өз ішінде; 2) Қазақстанның тыс жерлеріне жер аударуды көздеген мақсатта өтті.

Жаппай коллективтендіру болатын аудандарынан шамамен 20 мың «кулак» семьясын Қазақстанның жерінің өзінде, ал 30 мыңнан астамын Қазақстаннан тыс жерлерге жер аудару, қоныстандыру көзделді.

Жер аударылғандарды жұмыстарға қалай пайдалануға болатынын шешу үшін ППОГПУ-ға екі күн мерзім берді. Осы жұмысты ұйымдастыру үшін округтарда да «үштіктер» құрылды. Олардың құрамына округтік партия комитетінің төрағалары мен ОГПУ-дың бастықтары кірді. Оларға кулак семьяларын есепке алуға 10 күн мерзім берілді. Қысқасы барлық жұмыстар асығыс, шұғыл және қатал жүзеге асырыла бастады.

Сонымен, партия, Кеңес және ОГПУ органдары арандатқан шолақ белсенділер өз халқына қарсы аяусыз соғыс жариялады. «Тап ретінде жою» деп жұмсартылып айтылып жүрген қазақ шаруаларына қарсы бұл соғыста әсіресе, өлкелік партия комитеті жанынан құрылған «бай-кулактарды тап ретінде жою» шараларын даярлаған құрамында Қармысов, Алыненский, Асылбеков кірген комиссия ерекше «белсенділік» танытып еді. 1930 ж. ақпанында байлар мен кулактар қожалықтары жер аударылатын Құладүз, Барсакелмес аудандар белгіленді.

1928 жылы қыргүйектің 13-де және қазанның 17-де қабылданған жартылай феодал ірі байларды тәркілеуге және жер аударуға қарсы тұрғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Қазақстан үкіметі мен өкіметімен қабылдаған заңдарды қосымша шаралар берілді. Бұлардың «Ірі және жартылай феодал байларды тәркілеуге және жер аударуға қарсы тұрғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» деп аталатын қаулысына көңісі келмегендер, оны жүзеге асыруға қарсы тұрған байлар мен бұрынғы артықшылығы бар топтарға жататындар «Жедел түрде қатал қылмыстық жауапкершілікке және Қазақстаннан тыс жерлерге жер аударылуға жататын» болды.

Сонымен қатар осы заңның екінші, үшінші баптарында үгіт жүргізіп, халық толқуларын ұйымдастырып, тәркілеу және жер аудару шараларын болдырмай тастауға тырысушылар және тәркіленуге тиісті мал – мүлікті әр түрлі жолмен жасырып қалуға және жойып жіберуге тырысқандар Қылмыстық кодекстің 58 және 169 баптарының тармақтары бойынша, ал жауапты қызметкерлердің осы бағыттағы әрекеттері Қылмыстық кодекстің лауазымды қылмыстар туралы тарауларымен айыпталатын болды. Семей облысының Шаған, Қызылтан, Красно – октябрьск, Бесқарағай болыстарында халықтық сот арқылы ауқатты адамдардан мал мен мүлкі тәркіленіп, жоғарыда аталғандардың ішінен Шаған болысы тәркілеу ісі жөнінен белсенді жұмыстар жүргізіп, 14 байды халық сотына салады (Акишев, 1949: 105).

Жоғарыдағы заңдар ел ішін жаппай дүрліктіріп, қуғын – сүргінге, заңсыздыққа, жаппай тұтқынға алуға жол ашты. Қысқа мерзімде, тәркілеу барысында Қазақстанның он округінен 148 адам тұтқындалды, 69-ның ісі прокуратураға берілді, ал 34-і босатылды. Тамыздың 30-да Қазақстан үкіметі ірі байлар жер аударылатын аудандарды нақты анықтады.

Байларды тәркілеу аса қатал жүргізіле тұрса да оның кедейлердің бір бөлігі тарапынан қолдау тапқанын архив құжаттары дәлелдейді. Мұның өзі негізінен кедейлердің байдың малын бөліп аламыз деген түсінігінен туындаған еді. Мәселен, Семей округінің Белағаш ауданындағы бір қазақ қызметкерінің бір жиында айтқан сөзінде: «Қазақ елінің кедей бөлігі үкіметтің қаулысын қуана қарсы алды. Менің ойымша Кеңес үкіметі Қазақстандағы кедейлер тобын құртуда игі қадамдар жасады», - делінген болатын. Бірақ, Малдың едәуір бөлігінің 30-40% колхоздарға берілетінін, ал малды бөліп алғандардың да кешікпей колхоздарға кіріп, байдан алған малды мемлекетке етке өткізуге немесе колхоздарға қайтаруға тура келетінін ол кезде кедейлер толық түсіне қойған жоқ. Мұны олар кейінірек түсінді және сондықтан да шаруалар көтерілістеріне белсене қатысты.

Ал енді халықтың негізі, қалың бұқарасы байларды көптеп тәркілеу саясатын белсенді қолдай қойған жоқ. Көп жағдайда байдың жер аударылуына бүкіл ру, ауыл – аймақ қайғырды. Бұдан байлардың өздері ғана емес, олар тұратын ауданы мал шаруашылығы да күйзелді.

КазОАК пен ХКК-ның шешімі бойынша үкімге қарсы келген немесе басқа да оқыс әрекеттерді ұйымдастырғаны үшін байларды кінәлап, оларды қатал қылмыстық жазаға және Қазақстан аумағынан шет аймақтарға жер аударып отырған. Ресми мәліметтер бойынша, 696

тәркіленгеннің 669-ы өз округтерінен басқа жаққа жер аударылған. Қазақстан Халкомының 1928 жылы 30 тамызда шығарған қаулысы мал санына қарай анықталған ірі байлардың жер аударылу бағытын айқындап берді.

Мәселен, Семей округіне Қостанайдан жер аударылып келгендер – Бесқарғай, Белағаш, Қызылтан, Ұлан, Жарма, Жаңа Семей, Аягөз аудандарына қоныстандырылу көзделді. Жалпы, Семей округінен Сырдарияға жер аударылған шаруашылықтардағы адам саны 446, оның 99-ы ер адам, 125-і әйел адам, 121-і жасы 18-ге толмаған ұлдар, 101-і жасы 18-ге толмаған қыздар болды. Жер аударылғандардың ішіндегі 45 адам Комиссияның шешіміне сәйкес келмейтіндігін айтқан, алайда 45 шағымның ешқайсысы да қанағаттандырылмаған. Көшпелі аудандарда алпыс төрт қожалықтың ғана тәркіленуі, бұл жылдары қазақта мыңғырған малы бар ірі байлардың аз болғанын тағы да дәлелдей түседі. «Жартылай феодалдар» дейтіндердің барлық ауқаттылардың 19,4 проценті ғана болуы да осының куәсі. Мысалы, Семей округінде декретті қолдану 9 ауданда: Бесқарағай, Қызылтан, Шыңғыстау, Аягөз, Жарма, Ұлан, Тарбағатай, Күршімде жүргізілді. Бұл ауданда 64 қожалық тәркілеуге түсіп, оның ішіндегі 20 адам жартылай – феодалдар, қалғаны 44-і ірі мал иеленушілер.

Ал енді тәркіленген малдан кедейлер, мемлекет қандай пайда тапты екен. Алдын ала жасалған жопар бойынша үкімет жоғарыдағы байлардың 225 972 бас малды тәркілейміз деп үміттенген еді. Бірақ, үміт ақталмады, барлығы 144 474 бас мал ғана тәркіленді. Бұл белгіленген жоспардың 64 проценті ғана. Алдын ала берілген малдың есебінің дұрыс жасалмағанын Қазақстан басшылығы кейіннен мойындауға мәжбүр болды. Ірі байлардың мал санын есепке алу 1928 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің «Бір малдың түрін екіншісіне ауыстыру көрсеткіші» туралы қаулысына сәйкес жүзеге асырылды. Ол қаулы бойынша ірі қараға екі жастан асқан жылқы, сиыр, өгіз, түйе жатқызылды. Малдың қалған түрлерінен бір ірі қараға үш бас құлын, екі бас тай, 1,5 бас құнан, 1,5 бас құнажын, 3 бас тайынша, 5 бас қой, бас ешкі, 3 бас меринос қойы, 3 бас бота, 2 бас тайлақ теңестірілген (ШҚОЗТҚО, 74: 36). Тәркіленіп алынған малдың 60 – 70% қазақ кедейлеріне, қалғаны колхоздар мен совхоздарға, ал асыл тұқымды мал – мемлекеттік асыл тұқымды мал өсірушілерге берілуі тиіс болды. Аудан комиссиясының мәліметі бойынша, жер аударылған байлардың тәркіленген жалпы мал санын төмендегі мұрағат құжаттарынан байқаймыз.

Шығыс Қазақстан облысының қазақ ауылдары: Чаган, Кызылтанской, Красно-Октябрь, Беген және Бесқарағай жерінде малдарды тәркілеп, 13 адамды ірі бай деп санап Чаган болысында сотта қараған:

Чаган болысында тәркіленген шаруа қожалықтары

1-кесте

	жылқы	Ірі қара малы	Түйе	қой
Акрузинов Абикбай	650	16	22	200
Шиниздинов А.	53	5	5	700
Акимбаев А.	100	-	16	700
Адилова-Манап	190	3	15	450
Укубаев Айтжан	85	34	11	233
Булатканов Тумар	176	7	-	450
Айтмухаметов Ш.	30	3	-	-
Скаков Ахмадияр	179	-	12	263
Нураков Кунтай	110	-	-	400
Кисимжанов С.	100	9	13	250
Шкияттов Бисебай	30	4	3	182
Буракешов Сидок	430	35	35	700
Алимтанов Камаш	330	-	20	400

Жоғарыдағы деректерінен барлық малды тіпті қой-ешкіге дейін алғандығын байқауға болады. Әрине малды жасыру тәркілеу кезінде де орын алған (ШҚОЗТҚО, 1: 92).

Барлық тәркіленген малдың 10,2 проценті отырықшы аудандардан, 83,3 проценті жартылай көшпелі аудандардан еді. Тәркіленген малдың үлес салмағы аз бола тұрса да көшпелі аудандардағы байлар қожалықтары бәрінен де көп зиян шекті. Ал тәркіленуден негізгі ауыртпалығын жартылай көшпелі аудандар көтерді (ШҚОЗТҚО, 74: 105). Ал енді тәркіленген малды шаруашылықтар түрлеріне жіктер болсақ осынша малдың 118 919 тұяғы жеке шаруашылықтарға 74,3% және колхоздарға (25,7%) таратылып берілді. Жекешелердің ішінде осы малдығы он сегіз процентін малы жоқ қожалықтар алды. Яғни, малсыз әр қожалық орта есеппен 8-9 бас малға (ірі қараға шаққанда) ие болды. Жалпы төрт тұяққа дейін ғана малы бар кедей қожалықтар жекешеге бөлінген малдың тоқсан процентін алды. Тәркіленген малдар негізінде жағадан 292 колхоз құрылды.

Тәркіленген байлардың күнкөрісіне өте аз мал қалдырды. Бұл 4614 бас мал ғана мал, тәркіленгеннің 6,4 процентін ғана құрады. Жер аудару кезінде жол ақысы өз қалталарынан төлеулері тиіс болған тәркіленген байлар бұл аз ғана малдың өзін де сатуға мәжбүр болды. Мұнда тәркілеу нұсқауға сәйкес әр қожалыққа бөлініп берілген мал он екі тұяқтан аспауы тиіс деген қағида басшылыққа алынған. Бірақ, біз жоғарыда айтқандай, кедейлердің көпшілігі бөліс кезінде мұнша малға ие бола алмады. Малдың едәуір бөлігін 25,7% жақ құрылған колхоздар алып қойғандықтан, онсыз да көп емес тәркіленген мал жекешелерге жетпеді. Сөйтіп, байларды тәркілеу нәтижесінде малға қарық болып, баиимыз деп дәмеленген көптеген кедейлердің үміті ақталмады. Малға ие болған кедейлер мен батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Олардың өсіп – өнуіне, өркендеуіне малдан басқа материалдық, құрал – жабдық, қора – қопсы, қыстау, азық – түлік жем – шөбіне т.б. қажет еді.

Голощекин бастаған Қазақстан басшылары жеке мал шаруашылығы қожалықтарын қаржымен қолдауды қажет деп таппады. Жеке секторға 1927–1928 жылдары бір тиын көмек ақша бөлінбесе, ал 1928–1929 жылдары кедейлер қожалықтары мен ауыл шаруашылығына бөлінген қаржының 22,5% ғана, орташылар 25,3% ғана, кулак – бай қожалықтары 0,9% ғана алалды. Егер бұларды нақты ақшамен көрсетсек, 1928–1929 жылдары кедей қожалықтарындағы әрбір 116 серіктік, 764,8 мың, орташалар 1546,8 мың кулак – байлар қожалықтары 60,1 мың сом ғана ақша қаражатын алған. Мұндай жағдайда, әсіресе, кедейлердің өз қожалықтарын меңгеріп кету қиын. Сондықтан, олардың көбі жаңадан құрыла бастаған колхоздарға кіруге мәжбүр болды. Олар байларды тәркілегенде болмашы малдарын сатып, жіберді немесе бордақылап сойып алды. 1928 жылдан бастап, қалпына енген астық және дайындау науқаныда кедейлер мен орташаларға да оңай тиген жоқ.

Семей округіндегі тәркілеу үкіметтің нұсқауы бойынша 1928 жылдың 25 қарашасында тоқтатылған. 1928 жылы 27 тамызда қабылданған қаулыға қатысты қосымшалар мен нұсқауларда тәркілеудің мақсаты мен мазмұны айқын көрсетілді. Мысалы, 1928 жылы 10 қыргүйектегі тәркілеуді жүргізуге қатысты директивада: «Түсіндіру науқанындағы ескеретін жағдай ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқанын партияның XV съезіндегі ірі кулак пен байды тәркілеу жөніндегі нұсқаулармен шатастыруға болмайды. Себебі қазіргі тәркілеу дегеніміз аз уақыттың ішінде тікелей революциялық шабуыл арқылы тәркілеу, жер аудару байлардың ауылдағы ықпалын төмендету, ал кулак пен байды құрту дегеніміз ұзаққа созылатын шаралар. Оларды тек ЖЭС негізін қолдай отырып, бай кулакқа қарсы шыққан кедей – батырақ, орташалардың күрделі күресімен жүзеге асыруға болады. Жалпы алғанда байға қарсы үздіксіз дамып отыруы қажет. Тәркілеудің өз деңгейінде өткізілуі үгіт насихаттың дұрыс жүргізілуіне тікелей байланысты», - деп көрсетілді. Тәркілеу жүргізілген 9 аудан бойынша 9 аудандық комиссия ұйымдастырылып, оның қатарына 49 адам мүше болған. Тәркілеу жүргізілген аудандар төмендегідей: Бесқарағай, Қызылтан, Шыңғыстау, Жарма, Аягөз, Ұлан, Күршім, Тарбағатай және Қызылтас. 1 қарашадағы мәлімет бойынша жалпы 889 жиналыс өткізілген, оған 60633 адам қатысқан. Бұл жиналыстардың 63-і партия жиналысы оған 1197 адам қатысты, 39-ы комсомолдық оған 1323 адам қатысқан, 53-і кедей – батрақтардың, 36-сы әйелдердің жиналысы болса, 36855 адам қатысқан біріккен жиналыс өткен. Бұл жиналыстарда тәркілеуге жататын байлардың тізімі мен тәркілеу науқанын жүргізуге қатысты сауалдар талқыланды (ШҚОЗТҚО, 74: 68).

Шығыс Қазақстандағы байларды тәркілеу науқанында ондай олқылықтарға жол берілгені белгілі. Мәселен, 1928 жылдың көктемінде астық дайындау барысындағы тәркілеу кезінде ірі 20 бай

тәркіленіп кеткен. Кейін күздегі тәркілеу науқанында олардың орнын толтыру үшін ауқатты деген орташалар да тәркіленуге ұшырайды. Кеңес үкіметі немесе жергілікті басшылар ауылды орташаландырамыз деп жүріп, көпшілік қауымды кедейшілікке ұшыратады. Соның салдарынан колхоздарға берілген малдар талан – таражға түседі. Тәркілеу науқанын жүргізу үшін алдын – ала дұрыс дайындық та жасалынбаған. Мәселен, Семей округіндегі тәркіленеді деген 68 адам бастапқыда 21 адамға азайтылады, кейін қайта көбейтіледі. Нәтижесінде округ бойынша 61 адам тәркіленеді. Шығыс Қазақстандағы байларды тәркілеу науқаны байлардың экономикалық тұрғыдан тұралап, әлсіреуіне әкелінгенімен қазақ қоғамында таптық қатынастарды қалыптастыра алмады.

Шығыс Қазақстанның Қытаймен шектесетін шекаралық аудандарынан көшкен қазақтардың тағдырына қатысты мұрағат деректері мен құжаттар жинағы және отандық ғалымдардың зерттеулерінде атап көрсетілген. XX ғасырдың 20–30 жылдары жүзеге асырылған қазақ байларын тәркілеу, осы кезеңде жіберілген қателіктер мен асыра сілтеушіліктер, оның ауыр зардаптары қазақ халқының өз атамекенінен ауа көшуіне әкеп соқты. 1928 жылы 27 тамыздағы қазақ байларын кәмпескелеу туралы қаулыдан кейін шекараға жақын аймақтардағы ауқатты-байлардың арасында шет елге қоныс аудару қозғалысы басталды.

Сонымен қатар кеңес өкіметі орнағанға дейін ата-аналары мен туыстарынан бөлінген отбасыларға «үкімет салық төлеуден жалтарған және аз салық төлеу үшін мүліктеріңізді әдейі бөліп алды» деп айып тағылған. Кеңес өкіметінің мұндай қысымы қазақтардың шегарадан Қытайға өтуінің екінші себебі болды (ШҚОЗТҚО, 1: 434). Шегара асып көшудің бір көрінісі Тарбағатай болысының № 5 ауылдық советінің азаматы Үвалия Нұртазының мәліметі бойынша былай деп айтылған: «Қытайға көшу себебі: қазақтарға артық мал жазылды. Маған 32 бас мал артық тіркелген болатын. Ауылдық советтің төрағасы Бураханов Ахмет 5 ауылдың барлық жан басына мал жазып қойды. Бураханов барлық қазақтарға «советтік билік сендерге 10 қой, 2 сиыр, 12 жылқы қалдырып, қалғанын алады» деді. Осы келеңсіз құбылыс және дұрыс жолға қойылмаған санақ қазақтардың жаппай Қытайға өтуіне түрткі болды (ШҚОЗТҚО, 3: 44). Жоғарыда аталған шаралардың барлығы да тәркілеудің алғышарттары болатын. Архив құжаттарындағы деректерден төмендегідей мәліметтердің байқауға болады. «1928 жылы 12 ақпанда Тарбағатай болысында тәркілеуден малдарын ұстаған 45 бай анықталды деп сотқа берілген, ал осы жылдың 25-ші ақпанында 108 бай әкімшілік жазаға тартылып, 31-і сотқа берілген. Осындай жазадан құтылу үшін Тарбағатай, Майқапшағай, Алқабек болыстарының байлары Қытайға көшуге мәжбүр болды. Кейбіреуі шекара жасақтарына ұсталып тұтқындалды» (ШҚОЗТҚО, 3: 234). Мал-мүліктері тізімге алынып, тәркілеуге жатқызылды. Мұндай қуғын-сүргінге байлар ғана емес орта шаруаларды да көптеп ұшырады.

Кеңестік саясаттың жеке меншікке қарсы жүргізілген саясаттың салдарынан және тәркілеу науқанында елдің шекара асуы көбейе түсті. Осыған байланысты Бақты, Зайсан, Жаркент шекаралық аудандарына арналған шифрограммада: «Бірінші қыргүйектен бастап байларды тәркілеу науқаны күшіне енеді. Мүмкіндігінше байлардың қалың бөгеу шекарадағы сіздердің міндеттеріңіз» деп қатаң, әрі жедел түрде тапсырма берілген (Сборник документов, 1998: 68). Малдың едәуір бөлігі шегара асып кеткен байлардың қолында қалған. Ауа көшулерінің 1930 жылы қорытындысы бойынша бір жыл ішінде Қытаймен шекаралық үш ауданнан төмендегідей қожалықтар көшкен: 1. Зайсан ауданында – 1238. 2. Марқакөл ауданында – 61. 3. Тарбағатайда – 417. Барлығы – 1716. Ал енді шекарадан өтерде осы үш ауданнан шекара отрядтарының қанша қожалықтарды ұстап алғандығы туралы мәлімет: 1. Зайсан ауданынан – 518. 2. Марқакөлден – 21. 3. Тарбағатайдан – 221. Барлығы – 760. Бұл аудандардың шекараға іргелес орналасуы жан сақтап, бас сауғалауға тиімді болды (ШҚОЗТҚО, 3: 7). ОГПУ-дің Қытайға ауа көшкен жайындағы 1930 сәуірдегі 3 аудан халқының көшкендерінің нақты санын береді: Мақаншы ауданы бойынша ақпан айында – 33 кедей қожалық, 39 орташа, 6 бай қожалық; Наурыз айында – 191 қожалық барлығы колхозшылар. Барлығы – 269 қожалық көшкен. Зайсан ауданы бойынша ақпан айында – 135 кедей, 127 орташа, 38 бай қожалық; Наурыз айында – 47 кедей, 114 орташа, 42 бай қожалық. Барлығы – 503 қожалық. Жиыны екі аудан бойынша 772 қожалық көшкен. Тарбағатай ауданы бойынша (мәлімет толық емес). Ақпада – 33 бай, 10 орташа, 13 кедей. Бұл көшудің себептері негізінен тәркілеу, ет дайындау науқандары, алым-салықтың мөлшерден тыс көбейтілуі еді (Кауфман, 1905: 60).

Осындай жағдайларға байланысты Қазақ ОАК 1930 жылы 3 сәуірде «Қытаймен шекаралас аудандарға бай-кулактардың қожалықтарының шекара асып, көшуіне қарсы күрес шаралары» туралы қаулыды мынандай мәселелер қамтылған: 1. Ауа көшпекші болғандарды мынандай жағдайлар шекара шебінен ары 100 километр ары қарай қоныс аударту керек а) Шекара сызығын қыйып өтерде ұсталған барлық бай-кулактарды немесе шекара асып көшпекші болып сөз шығарып, ниет етіп жүргендерге; б) Шекараасып өтерде отбасы қалып қойып, басшылары көшіп кеткен жағдайда. 2. Қоныс аудару барлық жағдайда аудандық және атқару комитетінің шекаралық күзет қызметінің материалдары негізінде өлкелік атқару комитетінің қаулысымен бекітіледі. Бірақ бұл қаулы қабылданса да, бұған құлақ асқан халық болмады. Кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны болған 1929-1930 жылдары Қытайға өтіп кеткен жекелеген байлардың ізінше жергілікті кеңес органдары орнықтырған жоғарыдағыдай әділетсіздіктерден кейін, көп кешікпей-ақ орташалар мен кедейлердің де Қытайға жаппай өтулеріде орын алды.

Төмендегі мәліметтерде 1930 жылы Мақаншы аудандық ОГПУ бөлімінің өлкелік комитетке жергілікті халықтың Қытайға көшуі туралы жедел хатында: «20-25 сәуір аралығында Қытайға қашқан қазақтар: орташалар 5 қожалық, жан басы 27, мал саны 10 жылқы, 25 ірі қара, ұсақ мал 92, түйе 1. кедей қожалық 27 адамды 127, мал саны 19 ат, ірі қара саны 65, ұсақ мал 86, 2 түйе деп халықтың әлеуметтік құрамы материалдық деңгейі де көрсетілген (ШҚОЗТҚО, 2: 88). Осы деректен-ақ 1930 жылдары ауа көшудің бұқаралық сипат алғаны көрініс береді. 1930 жылдары ұжымдастырудың нәтижесі колхоздар құрыла бастады. Колхозға біріккендер негізінен алғанда орташалар мен кедейлер болатын. Сонда қоныс аударудың бірі 1930 жылы 11 шілдеде түнде Қытайға Май-Қапшағай заставасынан 10 колхозшы көшті, оның біреуі орташа, қалған 9-ы кедейлер. Мал саны құрамы жағынан 12 жылқы, 14 ірі қара, 22 ірі қара. Шілденің 26-ы түнде осы учаскеден 50 қожалық Қытайға өтіп кетті. Қанша малы бары анықталмаған. Қолда бар мәліметтер бойынша оларға Қытайдан қаруланған қазақтар көмекке келген (ШҚОЗТҚО, 1: 14). Арғы беттегілердің туыстарын көшіріп алуға бағытталған мұндай әрекеттері «қарақшылық әрекет» деп бағаланды. Атамекенінен ауа көшу 1931 жылы да толастамады. 1931 жылы тамызда Аягөзге жақын әртүрлі аудандардан Қытай шекарасына шаруа қожалықтары малын айдап шегара асып өтуге тырысып отырды. Алайда бұл қозғалысты ОГПУ жендеттері көштің алдын бөгеп, кейін қайтаруға тырысты.

1929 жылдың соңына дейін шекара бұзып, Қытай асқандардың әрекеттерін байлардың жаппай шетелге қашулары деп білген ОГПУ органдары бұған онша мән бермей, оларды арнайы тіркеуге алуға жете көңіл бөле қоймаған болса, біртіндеп 1930 жылдың басынан бастап, Қытайға жаппай көшулер колхозшылар мен кедейлер екені анықтала бастады. Зайсан шекара отрядының аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Мұхамедшинге жолдаған хабарламасы бар жайды бүкпесіз баяндайды. 1929 жылы 30 қарашада Қытайдағы Алтай аймағы жағынан Нұрғали Мұқабаев бастаған 30 адамдық қарулы топ шабуыл жасай отырып, Алқабек өзені маңында 60 отбасын көшіріп әкетті. Кергентас тұсынан Мұқан Мәсілімов «бандасы» 40 отбасын көшірді. 1930 жылғы қаңтарда Сауыр арқылы Әлен княздігінің иелігіне 128 шаруашылық (құрамында 582 адам, 4421 мал бар) өтті. Олардың көшуіне Әленнің адамдары көмектесті. Сол жылы 16 қаңтарда, одан кейін 28 қаңтарда Қытай жеріндегі Таңғыт үкірдайдың адамдары 80 шаруашылықты көшіріп әкетті.

Ақпан айында Қоңыр қажы Мәжитов бастаған жақсы қаруланған жүз адам 97 шаруашылықты көшірді. 6-10 ақпанда Шағаноба арқылы 100 шаруашылық арғы бетке асты. 11 ақпанда Алқабек өзенінің жағасында шекарашылармен атысып, 30 отбасы өтті. Елдің Қытайға қашуы көктемде одан ары жалғасқан. 1930 жылғы 15 наурызда шекара отрядының бастықтары Дарын заставасынан 300 отбасы 8600 малымен, Жеменей кенті тұсындағы застава аумағынан 1260 отбасы 1840 малымен, Қабық тауына қарай 240 отбасы 6000 малымен, Дөрбілжін уезіне 600 отбасы 14200 малымен өтіп кеткенін хабарлады. Шекараның арғы бетінен және бергі бетінен елдің көшуін басқарды деген Алтай аймағындағы 29 адамның, Дөрбілжін уезінде деп 25 адамның аты-жөндерін жазып, тізімін жасаған (Новейшая история Казахстана, 1998: 109).

Бұл бір жылдың ішінде көшкен Зайсан ауданына қарасты қазақтардың саны. Ал басқа да шекаралық өңірлерден ауа көшкен елдің атамекенінен, жан сақтау үшін кеткендері қаншама. Көшудің себептері әр қилы болды. Мысалы, 1931 жылы Күршім ауданынан Қытайға 170 қожалық өтіп үлгерген екен, оның 30-ы бай қожалық, қалғандары кедейлер мен орташалар. Ауа көшудің

ішінде 5 коммунист және 9 комсомол болған. Бұл коммунситер мен комсомолдардың ауа көшкен рулы қожалықтың мүшелері екендігін білдіреді. Көшудің себептері төмендегідей: Тәжірибелік жоспарлау мен шаруашылық басқаруда ірі қателіктер жіберілген. Саяси-шаруашылық істердегі бұрмалаулар. Революциялық заңдылықтардың әлсіздігі. Ауылдың ұйымдардың әлсіздігі. Байлардың абырой-беделімен рулық байланыс және Қытайдағы қазақ руларымен жақсы қатынасы. Осы бес жағдай Қытайға көшуге себеп болды.

Жоғарыда құжаттарда келтірілген мәліметтерде кездестіргеніміздей, шекара асқан қазақтарға кеңестік билік «банды», «контрреволюционер» деп айдар таққан қазақ жасақтары көмектескен болатын. Қытайдағы қазақ жасақтары қазақтардың шекараасып көшулері кезінде аса зор істер атқарды. Солардың ішінде бүкіл қазаққа белгілі Райымжан Мәрсеков болды. Ол Алаш интелегенциясынан алғашқылардың бірі болып шет елге қоныс аударған және ондағы қазақтарды Алаш қозғалысы тарту үшін зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген. ОГПУ деректері бойынша шетелдегі Райымжан Мәрсеков басқарған қазақ орталығының мақсаты төмендегідей болған: а) ССРО жерінде контрреволюциялық топтар ұйымдастыру, оларға басшылық жасау; б) Халықты Қытайға жаппай өткізу үшін қарулы бандалар тобын ұйымдастыру. в) Көтерілісшілерге нақты қарулы көмек көрсету. Алға қойылған міндеттерді іс жүзіне асыру үшін контрреволюциялық орталық кеңес өткізген. Оған ССРО-дан қашып кеткен байлар шақырылған. Алғашқы кеңес 20 адамның қатысуымен болыс меңгерушісі Қойтамбайдың үйінде 1930 жылы мамырда ССРО -дан жаппай қорғайтын, Қытай жеріндегі бандиттік құрылымдарды күшейті мәселесі бойынша өткен (Ақиқат, 1994: 37-41). Міне, шетелде құрылған қазақ жасақтары көшіп барған қазақтарға қорған болды. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы Қойтас ауылының тұрғыны, 1907 жылы туған Салықов Арғынбек былай дейді: «1930 жылы өкімет малды колхозға алды. Ел 1931 жылы колхозға біріктірілді. Байлардың малдарын кәмпескеледі. Кейбіреулерін 10-15 жылға түрмеге жапты, жер аударды. Кей байлар шет жаққа, Қытайға қашты. Оларға кейбір кедей-жалшыларда қосылды. Үкімет оларды «банды» деп шықты. 1931 жылы тауларда «банды» мен НКВД-ның арасында шайқастар болып тұрды. «Бандыны» да құрағандар негізінен кедейлер еді.

Жалпы алғанда Қазақстанның шекара бойындағы аудандардан Қытайға қанша қазақ көшіп кетті деген күрделі сұрауға дәлме-дәл жауап беру аса қиын. Қазақ қоғамының экономикалық тірегі саналған ұлттық буржуазия өкілдер мен қазақ шаруаларының бас сауғалап, шекара асып көшуі экономикалық-демографиялық дағдарыспен қатар, сан ғасырлық дәстүрлі шаруашылықтың ыдырауына да кері әсерін тигізді.

Қорыта айтқанда, Шығыс Қазақстан өңірінің қоғамдық-саяси жағдайын «Кіші Қазан» негізінде өзгертуге бағытталған жұмыстар, жеке меншікті жою науқандары айтарлықтай өз нәтижесін бере қойған жоқ. қазақ қоғамының дәстүрлі даму жолынан тайдыру орны толмас шығынға ұшыратып, бүкіл бір халыққа бағытталған «геноцид» саясаты болып табылады.

Қорытынды. Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу науқанының іске асырылуы және оның салдары, отырықшылыққа көшіру халықтың басым бөлігін қырғынға ұшыратты, шаруашылықтың шығынын ересен көбейтіп, қалыпты тірліктеріне нұқсан келтірді. 1928 жылы байлар мен ірі жартылай феодалдар мен орта шаруаларды дегендерді тәркілеу науқанынан бастап өріс алған ұжымдастыру 1930 жылға қарай шаруа қожалықтарын күшпен жаппай ұжымдастыруға алып келді. Осымен бір мезгілде көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыру осы науқанның аясында, оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Басты мақсат қазақ шаруашылығын, жалпы Қазақстандағы аграрлық саланы кеңестік біртұтас өндіріс саласының құрамдас бөлігіне айналдыру болатын.

Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру науқанының бастамасы, алғашқы баспалдағы іспетті болды. Екіншіден, байларды тәркілеуден материалдық жағынан да, рухани жағынан да қазақ кедейлері ештеңе ұтқан жоқ. Үшіншіден, мал шаруашылығын іскерлікпен ұйымдастырудың үлгісі байлар мен орта шаруа қажалықтарын күйрету – Қазақстанғы мал шаруашылығының даму қарқынының тежелуіне, тауарлылығының күрт төмендеуіне себеп болды. Төртіншіден, қазақ байлары мен жартылай феодалдарды тәркілеу – XX-шы ғасырдың басындағы Коммунистік партия мен кеңес өкіметінің бүтінде бғр халыққа жасалған қарсы саясаты болды. Байлар қожалықтарын күшпен тәркілемей-ақ, оларды салықпен, экономикалық әдістермен тежеп, солардың негізінде

коопетаривтік, фермерлік, жеке немесе ұжымдық шаруашылықтар құруға болатын еді. Сонда Қазақстанның аса қуатты, тауарлылығы жоғары, халықаралық деңгейдегі ірі аграрлы республикаға айналуы берік негіз қаланатын еді. Мұның артында қазақ халқын билікке қарсы наразылық, ашаршылық және бас сауғалап шекара асып босуды күтіп тұр еді.

Information about authors:

Baysarina Kymbat – Doctor of Historical Sciences, Professor at the Shakarim University of Semey. Kazakhstan, Semey. E-mail: bkksemey@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5911-6716>;

Tokeshkadyrov – Doctoral Student in History, Shakarim University of Semey. Kazakhstan, Semey. E-mail: botabek87@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7402-1590>;

Bakytzhanova Anar – Ph.D., A.Bokeikhan University. Kazakhstan, Semey. E-mail: anar2104@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2747-5930>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Акишева З.А. Экономические и политические предпосылки и результаты конфискации собственности крупных баев - полуфеодалов в Казахстане. // Известия АНН Каз ССР. Серия экономики. – Алма-Ата, 1949. – Выпуск 1. – 21 с.

Документы свидетельствуют из истории деревни накануне и в ходе коллективизации (1927–1932 г.г.). / Составитель Диманштейн С. – Москва: Политиздат, 1989. – 525 с.

Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К. История крестьянства Советского Казахстана. – Алматы, 1985. – 247 с.

Кауфман А.А. К вопросу о происхождении русской земельной общины. – Москва, 1905. – 90 с.

Қозыбаев М., Алдажұманов Қ., Алдажұманов Ж. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 30 б.

Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. – 272 б.

Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? – Алматы, 1993. – 207 б.

Мұхатова О.Х. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. XX ғ. 20–90 жж. – Алматы: Ғылым, 1999. – 287 б.

Новейшая история Казахстана. Сборник документов и материалов (1917–1939 гг.) – Т. 1. – Алматы, 1998.

Омарбеков Т. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 29-35 бб.

Омарбеков Т. Голощекин геноциді. // Қазақ әдебиеті. 1990. 13 шілде. – 10 б.

Омарбеков Т. Дәстүрлі қазақ шаруашылығын қорғаушылар қалай айыпталды? // Ақиқат. 1993. – № 5. – 59 б.

Омарбеков Т. Шаруаларға шабуыл қалай басталды? // Ақиқат. 1993. № 6. – 51 б.

Омарбеков Т. Шетелдегі қазақ жасақтары. // Ақиқат. – 1994. – №11. – 37-41 бб.

Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективизации. Реемиграция. 1928–1957 гг. Сборник документов. – Усть-Каменогорск, 1998. – 100 с.

Седельников А.Н. Распределения населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура. / Киргизский край. Россия: Полное географическое описание нашего отечества. Т. XVIII. – Спб., 1918. – С. 175-222.

Халидуллин Г.Х. Аграрная политика советской власти в Казахстане (1917–1940 гг.). – Алматы, 2001. – 256 с.

Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттар орталығы (бұдан әрі - ШҚОЗТҚО). 74-қ., 1-т., 1583-іс, 87-п.

ШҚОЗТҚО. 74-қ., 3-т., 9-іс, 312-314 пп.

ШҚОЗТҚО. 74-қ., 1-т., 36-іс, 36-37 пп.

ШҚОЗТҚО. 1-қ., 1583-т., 88-іс, 92-п.

ШҚОЗТҚО. 74-қ., 1с-т., 58-іс, 105-п.

ШҚОЗТҚО. 74-қ., 1-т., 7-іс, 68-п.

ШҚОЗТҚО. 74-қ., 1с-т., 17-іс, 434 п.

ШҚОЗТҚО. 3-қ., 1-т., 25-іс, 44-п.
 ШҚОЗТҚО. 3-қ., 1-т., 25-іс, 234-п.
 ШҚОЗТҚО. 3-қ., 1-т., 38-іс, 7-п.
 ШҚОЗТҚО. Қ. 2-. 1-т., 583-іс, 88-п.
 ШҚОЗТҚО. 1-қ., 1-т., 583-іс, 14 п.

REFERENCES:

Akisheva Z.A. Ekonomicheskie i politicheskie predposylki i rezyl'taty konfiskatsii sobstvennosti krypyh baev – polyfeodalov v Kazahstane [Economic and political prerequisites and results of confiscation of property of large semi-feudal baes in Kazakhstan]. // Izvestiya ANN Kaz SSR. Seriya ekonomiki. – Alma-Ata, 1949. – Vypusk 1. – 21 p. [in Russian].

Dokumenty svidetel'stvuyut iz istorii derevni nakanune i v hode kollektivizatsii (1927–1932 gg.) [Documents testify from the history of the village on the eve and during collectivization (1927–1932)]. / Sostavitel' Dimanshtein S. – Moskva: Politizdat, 1989. – 525 p. [in Russian].

Dahshleiger G.F., Nurpeisov K. Istoriya krest'yanstva Sovetskogo Kazakhstana [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. – Almaty, 1985. – 247 p. [in Russian].

Kaufman A.A. K voprosy o proishozhdenii russkoi zemel'noi obshchiny [On the question of the origin of the Russian Land community]. – Moskva, 1905. – 90 p. [in Russian].

Kozybayev M., Aldazhumanov K., Aldazhumanov Zh. Kazahstandagy kushpen kollektivtendiry: korlyk pen zorlyk [Collectivization by force in Kazakhstan: humiliation and violence]. – Almaty, 1992. – 30 p. [in Kazakh].

Kozybayev M. Aktandaktar akikaty [The truth of excuses]. – Almaty, 1992. – 272 p. [in Kazakh].

Koigeldiev M., Omarbekov T. Tarih taglymy ne deidi? [What does history say?] – Almaty, 1993. – 207 p. [in Kazakh].

Muhatova O.H. Kazahstandagy agrarlyk ozgerister tarihnamasy. XX ғ. 20–90 zhzh. [Historiography of agrarian changes in Kazakhstan. 20-90s of the XX century]. – Almaty: Gylym, 1999. – 287 p. [in Kazakh].

Noveishaya istoriya Kazakhstana. Sbornik dokumentov i materialov (1917–1939 gg.) [New History of Kazakhstan. Sbornik dokumentov i materialov (1917–1939)] – T. 1. – Almaty, 1998. [in Russian].

Omarbekov T. Kazahstandagy kushpen kollektivtendiry: korlyk pen zorlyk [Collectivization by force in Kazakhstan: humiliation and violence]. – Almaty, 1992. – 29-35 pp. [in Kazakh].

Omarbekov T. Goloshhekin genocidi [Goloshchekin genocide] // Kazak adebiyeti. 1990. 13 shilde. – 10 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. Dasturli kazak sharuashylygyn korgaushylar kalai aiyptaldy? [How were the defenders of the traditional Kazakh economy accused?] // Akikat. 1993. – № 5. – 59 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. Sharualarga shabuyal kalai bastaldy? [How did the attack on the peasants begin?]. // Akikat. 1993. № 6. – 51 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. Sheteldegi kazakh zhasaktary [Kazakh troops abroad]. // Akikat. – 1994. – № 11. – 37-41 pp. [in Kazakh].

Pod grifom sekretnosti. Otkochevki kazahov v Kitai v period kollektivizatsii. Reemigratsiya. 1928–1957 gg. Sbornik dokumentov [Classified. Migration of Kazakhs to China during the period of collectivization. Re-emigration. 1928–1957 Collection of documents.]. – Ust'-Kamenogorsk, 1998. – 100 p. [in Russian].

Sedel'nikov A.N. Raspredeleniya naseleniya Kirgizskogo kraia po territorii, ego etnograficheskii sostav, byt i kul'tura [Distribution of the population of the Kyrgyz Territory by territory, its ethnographic composition, life and culture]. / Kirgizskii krai. Rossiya: Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva. T. XVIII. – Spb., 1918. – pp. 175-222. [in Russian].

Halidylin G.H. Agrarnaya politika sovetsskoi vlasti v Kazahstane (1917–1940 gg.) [Agrarian policy of the Soviet government in Kazakhstan (1917–1940)]. – Almaty, 2001. – 256 p. [in Russian].

Shygys Kazahstan oblysy kazyrdy zaman taryhy kuzhattar ortalagy (bydan ary – ShKOZTKO).

ShKOZTKO. 74-қ., 1-т., 1583-іс, 87-п.

ShKOZTKO. 74-қ., 3-т., 9-іс, 312-314-п.

ShKOZTKO. 74-қ., 1-т., 36-іс, 36-37-р.
ShKOZTKO. 1-қ., 1583-т., 88-іс, 92-р.
ShKOZTKO. 74-қ., 1с-т., 58-іс, 105-р.
ShKOZTKO. 74-қ., 1-т., 7-іс, 68-р.
ShKOZTKO. 74-қ., 1с-т., 17-іс, 434-р.
ShKOZTKO. 3-қ., 1с-т., 25-іс, 44-р.
ShKOZTKO. 3-қ., 1-т., 25-іс, 234-р.
ShKOZTKO. 3-қ., 1-т., 38-іс, 7-р.
ShKOZTKO. 2-қ., 1-т., 583-іс, 88-р.
ShKOZTKO. 1-қ., 1-т., 583-іс, 14-р.

МАЗМҰНЫ

ӘДІСНАМАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «БАЛДЫРҒАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ МҰҚАБАСЫ КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ.....	4
---	---

О.Х. Мұхатова ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ІСІ МЕНГЕРУШІСІ ҚОРЫНЫҢ (№ 19) ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....	15
--	----

ТАРИХ

Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадилов, А.Б. Бақытжанова ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУҚАТТЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ.....	26
--	----

Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т. Жұбанышов, Е.Қ. Серікбаев МӨДЕ ШАНЬОУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН РЕФОРМАЛАРЫ.....	44
--	----

К.М. Ильясова ТЕРГЕУ ПРОЦЕСТЕРІ: «АЛАШ ІСІ» МЕН «АҒАЙЫНДЫ ӘДІЛЕВТЕР ІСІНІҢ» САБАҚТАСТЫҒЫ.....	57
--	----

С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ АУЫЛ ХАЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....	73
--	----

Г.Б. Нарымбет, Ә.К. Шашаев, Д.Б. Жақаш ЕДІГЕ ЖЫРЫНДАҒЫ ТОҚТАМЫШ ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ.....	84
--	----

А.Е. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев ЖӘДІЛЕРДІҢ МЕРЗІМДІ БАСҚАРУЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ.....	95
---	----

З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина 1980-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТУРҒЫДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....	112
--	-----

М.Р. Сәтенова КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ ЖҮЗ АУМАҒЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ САЯСАТЫ.....	123
---	-----

Ш.Б. Тілеубаев АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУЛЫҚ ҚАЙРАТКЕРІ ЫБЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ ЖӨНІНДЕ.....	134
---	-----

Е.Е. Хайдаров ОРАЛ ОКРУГІНДЕГІ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1929 жыл) (Жымпиты, Зауральный, Камен аудандары материалдары негізінде).....	145
---	-----

М.А. Шашаева, М.М. Қозыбаева

XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ» МӘСЕЛЕСІ.....160

АНТРОПОЛОГИЯ

А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев

ҚОЙБОТА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

(Алдын ала қорытындылар).....171

Р.С. Мусаева

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚИМА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ:

ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....187

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов ОБЛОЖКА КАЗАХСКОГО ДЕТСКОГО ЖУРНАЛА «БАЛДЫРГАН» КАК ОТРАЖЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОГО ОБЩЕСТВА.....	4
---	---

О.Х. Мухатова ПРОБЛЕМА КЛАССИФИКАЦИИ ДОКУМЕНТОВ ФОНДА ЗАВЕДУЮЩЕГО ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОГО ДЕЛА СЕМИРЕЧЕНСКОГО РАЙОНА.....	15
---	----

ИСТОРИЯ

Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадилов, А.Б. Бақытжанова КОНФИСКАЦИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ.....	26
--	----

Б.Ж. Джурсунбаев, Б.Т. Жубанышов, Е.К. Серикбаев МОДЭ ШАНЬЮЙ И ЕГО РЕФОРМЫ.....	44
---	----

К.М. Ильясова СЛЕДСТВЕННЫЕ ПРОЦЕССЫ: ВЗАИМОСВЯЗЬ СУДЕБНЫХ ДЕЛ «АЛАШСКОЕ ДЕЛО» И «ДЕЛО БРАТЬЕВ АДИБЕВЫХ».....	57
---	----

С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОТНОШЕНИИ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В 1920-1930-е ГОДЫ.....	73
--	----

Г.Б. Нарымбет, А.К. Шашаев, Д.Б. Жакаш ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ ХАНА ТОХТАМЫША В ПОЭМЕ “ЕДИГЕ”	84
---	----

А.Э. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ ДЖАДИДОВ И ИХ РОЛЬ В ОБЩЕСТВЕННО-КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КЫРГЫЗСТАНА.....	95
--	----

З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1980-Х ГГ.....	112
--	-----

М.Р. Сатенова ВОЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ ОТРЯДОВ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА НА ТЕРРИТОРИИ СТАРШЕГО ЖУЗА И ПОЛИТИКА РОССИИ.....	123
--	-----

Ш.Б. Тлеубаев О ЖЕТЫСУСКОМ ДЕЯТЕЛЕ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ ИБРАИМ ЖАЙНАКОВЕ.....	134
--	-----

Е.Е. Хайдаров НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В УРАЛЬСКОМ ОКРУГЕ (1929 г.) (на основе материалов Жымпитынского, Заурального, Каменского районов).....	145
---	-----

М.А. Шашаева, М.М. Козыбаева

ПРОБЛЕМА «ЖЕНСКОГО РАВЕНСТВА» В КАЗАХСКОЙ ПЕЧАТИ В XIX-XX ВЕКАХ.....160

АНТРОПОЛОГИЯ

А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ГОРОДИЩЕ КОЙБОТА

(Предварительные итоги).....171

Р.С. Мусаева

ПОГРЕБАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ СРУБНОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА:

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ И КРАТКИЕ ВЫВОДЫ.....187

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

A. Bimoldanova, M. Bekmagambetova, R. Bekmagambetov COVER OF THE KAZAKH CHILDREN'S MAGAZINE "BALDYRGAN" AS A REFLECTION OF GENDER STEREOTYPES IN SOVIET SOCIETY.....	4
---	---

O. Mukhatova O. THE PROBLEM OF CLASSIFYING FUND DOCUMENTS OF THE HEAD OF COLONIZATION AFFAIR IN SEMIRECHENSK AREA.....	15
---	----

HISTORY

K. Baysarina, B. Tokeshkadyrov, A. Bakytzhanova FARM CONFISCATION IN EASTERN KAZAKHSTAN AND ITS HISTORICAL CONSEQUENCES.....	26
---	----

B. Dzhursunbayev, B. Zhubanyshov, E.K. Serikbaev MODE SHANYU AND HIS REFORMS.....	44
---	----

K.M. Ilyassova INVESTIGATORY PROCESSES: THE RELATIONSHIP OF "THE ALASH CASE" AND "THE CASE OF THE ADILEV BROTHERS".....	57
--	----

S.S. Ismailov, U.T. Akhmetova, D.S. Bekov THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET STATE TOWARDS THE RURAL POPULATION IN THE 1920s AND 1930s.....	73
---	----

G. Narymbet, A. Shashaev, D. Zhakash THE HISTORICAL PERSONALITY OF KHAN TOKHTAMYSH IN THE POEM "EDIGE"	84
--	----

B. Kubatova, Zh. Baydildeev PERIODICALS OF THE JADIDS AND THEIR ROLE IN SOCIAL AND CULTURAL LIFE OF KYRGYZSTAN.....	95
--	----

Z. Saktaganova, G. Baigozhina PRACTICAL IMPLEMENTATION OF THE LANGUAGE POLICY IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1980-S.....	112
--	-----

M.R. Satanova MILITARY ACTIONS OF KENESSARY KASSYMOV'S DETACHMENTS ON THE TERRITORY OF THE SENIOR ZHUZ AND THE POLICY OF RUSSIA.....	123
---	-----

Sh.B. Tleubayev ABOUT THE ZHETYSU LEADER OF THE ALASH MOVEMENT IBRAIM ZHAINAKOV.....	134
--	-----

E.E. Khaidarov POPULAR UPRISINGS IN THE URAL DISTRICT (1929) (Based on materials from Zhymпитыnsky, Zauralny, Kamensky districts).....	145
---	-----

M. Shashayeva, M. Kozybayeva

THE PROBLEM OF "WOMEN'S EQUALITY"

IN THE KAZAKH PRESS IN THE XIX-XX CENTURIES.....160

ANTHROPOLOGY

A.A. Ergeshbayev, A.K. Shaiakhmetov, A.B. Baitanayeva, Y.B. Baitanayev

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE KOYBOTA SITE (Preliminary results).....171

R. Mussayeva

FUNERARY MONUMENTS OF THE TIMBER-GRAVE CULTURE

OF WESTERN KAZAKHSTAN: THE HISTORY OF STUDY AND BRIEF CONCLUSIONS.....187

Компьютерде беттеген
Зикирбаева В.С.

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.